

«Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 41, 550-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

«1-стратегиялық бағыт. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру» деген кіші бөлімде:

«Елде бұқаралық спортты дамыту» деген 1.1-мақсатта:

нысаналы индикаторда:

реттік нөмірлері 2, 3, 4, 5-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

2. Балалар мен жеткіншектердің жалпы санына қатысты дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жеткіншектерді қамту	Әкімшілік есепке алу, ведомстволық статистикалық деректер	%	9,5	10,6	11,0	12,5	13,0	13,5	14,0
3. Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің айқындығы	ДЭФ ЖБИ деректері	орын	-	53	32	29	28	27	26
4. Саяси шешімдер қабылдаудағы фаворитизм	ДЭФ ЖБИ деректе	орын	-	-	-	77	76	75	74

	рі								
5. Саясаткерлерге қоғамның сенімі	ДЭФ ЖБИ деректері	орын	-	-	-	35	34	33	32

»;

«Адамдарды күн сайын дене шынықтыру-сауықтырумен айналысуға тарту» деген 1.1.1-міндетте:

тікелей нәтижелер көрсеткіштерінде:

реттік нөмірлері 1, 2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

1. Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында шұғылданатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі	Әкімшілік есепке алу, ведомстволық статистикалық деректер	%	21,5	22,0	22,5	27,7	27,9	28,1	28,3
2. Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында шұғылданатын ЖОО-дағы оқитындардың үлесі	Әкімшілік есепке алу, ведомстволық статистикалық деректер	%	23,0	24,0	25,5	46,5	46,7	46,9	47,1

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 7, 8-жолдармен толықтырылсын:

«

7. Ауылдық жерлердегі оқушылардың жалпы санынан ауылдық жерлерде спорт секцияларында шұғылданатын білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі	Әкімшілік есепке алу	%	-	-	-	24,9	33,0	33,5	34,0
8. Жұмыс орындары бойынша (жұмыс беруші) дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың үлесі, %	Әкімшілік есепке алу, ведомстволық статистикалық деректер	%	-	-	-	15,4	15,9	16,4	16,9

тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шараларда:

мына:

«

2. «Президенттік миль» атты тестілерді тапсыру жолымен 24 жастан бастап және одан жоғары жастағы халықтың дене дайындығын жылсайын тестілеуді ұйымдастыру және өткізу (ЖАО-мен бірлесіп)	x	x	x	x	x
--	---	---	---	---	---

»

деген реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 14, 15-жолдармен толықтырылсын:

«

14. Орта білім беру ұйымдарын, оның ішінде ауылдық жерлерде қазіргі заманғы спорттық жабдықпен және мүкәммәлмен қамтамасыз ету жөнінде жағдайлар жасау			x	x	x
15. Жұмыс берушілерге спортпен шұғылдану үшін, оның ішінде жұмыс берушілердің жұмыс орындарында қызметкерлердің денсаулығын нығайту бойынша іс-шараларды енгізу арқылы жағдайлар жасау жөніндегі талаптарды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу			x		

»;

«2-стратегиялық бағыт. Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деген кіші бөлімде:

«Жоғары жетістіктер спортын дамыту» деген 2.1-мақсатта:

нысаналы индикаторда реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1. Жазғы олимпиада ойындарының қорытындылары бойынша Халықаралық Олимпиада комитетінің ресми емес жалпы командалық есебінің рейтингіндегі Қазақстанның орны	ХОК кестесі	орын	29		28				25
---	-------------	------	----	--	----	--	--	--	----

»;

«Қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту» деген 2.1.1-міндетте:

тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 10-жолмен толықтырылсын:

«

10. Спорттық инфрақұрылым саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарын енгізу			x		
--	--	--	---	--	--

»;

«Спорт түрлерінен мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру» деген 2.1.2-міндетте:

тікелей нәтижелер көрсеткіштері мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-жолмен толықтырылсын:

«

5. Спорт ұйымдарындағы кадр тапшылығын азайту, %	Әкімшілік есепке алу, ведомстволық статистикалық деректер	%	-	-	-	15,0	14,0	13,0	12,0
--	---	---	---	---	---	------	------	------	------

»;

тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-жолмен толықтырылсын:

«

5. Дене шынықтыру және спорт саласының қызметкерлеріне арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу						x	x		
--	--	--	--	--	--	---	---	--	--

»;

«Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі» деген 3.2-кіші бөлімде:

«1-стратегиялық бағыт. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру, лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«1-стратегиялық бағыт. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру»;

1-бағанда «1.1-мақсат. «Елде бұқаралық спортты дамыту, лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1-мақсат. «Елде бұқаралық спортты дамыту»;

мынадай мазмұндағы 3-стратегиялық бағытпен толықтырылсын:

«

«3-стратегиялық бағыт. Лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау»	
3.1-мақсат. «Лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау»	«Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының № 219 Заңы»

»;

«Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту» деген 4-бөлімде:

1-бағанда:

«1-стратегиялық бағыт. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру, лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«1-стратегиялық бағыт. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру»;

«1.1-мақсат. Елде бұқаралық спортты дамыту, лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1-мақсат. Елде бұқаралық спортты дамыту»;

«1.1.2-міндет. «Лотерея қызметін реттеу тиімділігін арттыру» және «1.1.3-міндет. «Ойын бизнесі саласындағы бақылауды жүзеге асыру» деген жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«3-стратегиялық бағыт. Лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау

3.1-мақсат. Лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау

3.1.1-міндет. Лотерея қызметін реттеу тиімділігін арттыру

3.1.2-міндет. Ойын бизнесі саласындағы бақылауды жүзеге асыру»;

5-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл»

«Агенттіктің таңдалған стратегиялық бағыттары бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізуі көбінесе басқа мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тиімділігінің дәрежесіне байланысты болады.

Қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін міндеттер көрсеткіштері	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын мемлекеттік орган	Мемлекеттік органдар жүзеге асыратын шаралар
1	2	3
1-стратегиялық бағыт. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын арқылы қазақстандықтардың саламатты өмір салтын қалыптастыру		
1.1-мақсат. «Елде бұқаралық спортты дамыту»		
1.1.1-міндет. «Адамдарды күн сайынғы дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына тарту»		
1. Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын ауыл халқының жалпы санының үлесі 2. Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын мүгедектердің, мүгедектердің жалпы	Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері	1. Тұрғылықты жері бойынша балалар жасөспірімдер аула клубтары мен спорт клубтары желісін құру. 2. Ведомстволық (салалық) спорт қоғамдарын (клубтарды) құру. 3. Жергілікті деңгейде мемлекеттік спорт ұйымдарын спорттық мүкәммалмен және жабдықпен жарактандыру;

<p>санының үлесі</p> <p>3. Өткізілген іс-шаралардың жалпы санынан үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) тартумен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралар үлесі</p> <p>4. Жұмыс орындары бойынша (жұмыс беруші) дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың үлесі, %</p>		<p>4. Қарапайым спорт құрылыстарын салу.</p> <p>5. Халықтың дене шынықтырумен және спортпен жаппай шұғылдану үшін спорт инфрақұрылымына қолжетімділігін кеңейту</p>
<p>1. Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында шұғылданатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі</p> <p>2. Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында шұғылданатын ЖОО-дағы оқитындардың үлесі</p> <p>3. Ауылдық жерлердегі оқытушылардың жалпы санынан ауылдық жерлерде спорт секцияларында шұғылданатын білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі</p>	<p>БҒМ</p>	<p>1. Білім беру ұйымдарында спорттық секциялар мен спорт клубтарын ашу.</p> <p>2. Білім беру мекемелерінің оқушылары мен студенттерінің президенттік көпсайысты тапсыру бойынша нормаларды орындау үшін жағдайлар жасау</p> <p>3. Орта білім беру ұйымдарын, оның ішінде ауылдық жерлерде спорттық жабдықпен және мүкәммалмен қамтамасыз ету</p>
<p>2-стратегиялық бағыт. Қазақстандық спорттың әлемдік спорт аренасында бәсекеге қабілеттілігін арттыру</p>		
<p>2.1-мақсат. «Жоғары жетістіктер спортын дамыту»</p>		
<p>2.1.1-міндет. «Қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту»</p>		
<p>1. Республикалық кешенді спорттық іс-шараларда, республиканың чемпионаттарында, біріншілігінде және кубоктарында иеленген медальдар саны</p>	<p>Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері</p>	<p>1. Спорт объектілерін салу және спорт объектілерін қайта жаңғырту</p> <p>2. Білікті және біліктілігі жоғары спортшыларды даярлау сапасын арттыру үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу</p>

2. Білікті спортшылардың жалпы санынан халықаралық дәрежедегі (спорт шеберлері) спорт шеберлері санының үлесі		3. Спорттық инфрақұрылым саласында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қағидағтарын енгізу
3-стратегиялық бағыт. Лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау		
3.1-мақсат. «Лотерея қызметін реттеу және ойын бизнесі саласындағы бақылау»		
3.1.1-міндет «Лотерея қызметін реттеу тиімділігін арттыру»		
Лотерея қызметінен республикалық бюджетке түскен табыстың көбеюі	Қаржымині	1. Лотерея нарығын талдау 2. Лотерея қызметі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін жетілдіру

»;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлімде:

7.1.1-кестеде:

001 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» деген бюджеттік бағдарламада:

«2014 жыл» деген бағанда:

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Бір мемлекеттік қызметшіні ұстауға жұмсалатын орташа шығындар» деген жолдағы «4 852» деген сандар «4 854» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «4 803 89» деген сандар «4 805 86» деген сандармен ауыстырылсын;

7.1.2-кестеде:

002 «Спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу» деген бюджеттік бағдарламада:

«2014 жыл» деген бағанда:

тиімділік көрсеткіштерінде:

«1 білім алушыға стипендияның орташа мөлшері» деген жолдағы «116» деген сандар «125» деген сандармен ауыстырылсын;

«Спорт мектебінде, мектеп-интернат-колледждерінде бір білім алушыны оқытуға жұмсалатын шығындар құны» деген жолдағы «1 418» деген сандар «1 462» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «2 491 383» деген сандар «2 571 773» деген сандармен ауыстырылсын;

7.1.3-кестеде:

003 «Техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету» деген бюджеттік бағдарламада:

«2014 жыл» деген бағанда:

тиімділік көрсеткіштерінде:

«1 білім алушыға стипендиясының орташа мөлшері» деген жолдағы «106» деген сандар «114» деген сандармен ауыстырылсын;

«1 білім алушыны оқытуға жұмсалатын шығындардың орташа құны» деген жолдағы «1 131» деген сандар «1 156» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «5 686 80» деген сандар «5 831 48» деген сандармен ауыстырылсын;

7.1.4-кестеде:

004 «Бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қолдау» деген бюджеттік бағдарламада:

«2014 жыл» деген бағанда:

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «4 342 22» деген сандар «4 380 93» деген сандармен ауыстырылсын;

7.1.7-кестеде:

005 «Жоғары жетістіктер спортын дамыту» деген бюджеттік бағдарламада:

«2014 жыл» деген бағанда:

тиімділік көрсеткіштерінде:

«1 спортшыны дайындауға және оның қатысуына жұмсалатын орташа шығындар» деген жолдағы «5 292» деген сандар «5 334» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «14 616 185» деген сандар «14 733 267» деген сандармен ауыстырылсын;

7.1.16-кестеде:

012 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» деген бюджеттік бағдарламада:

«2014 жыл» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Жобалардың жалпы құнынан орындалған жұмыстар (қызметтер) көлемі» деген жолдағы «34,67» деген сандар «37,3» деген сандармен ауыстырылсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «15 987 062» деген сандар «16 075 181» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар жиынтығы» деген кестеде:

«2014 жыл» деген бағанда:

«Бюджеттік шығыстардың БАРЛЫҒЫ:» деген жолдағы «44 473 573» деген сандар «44 777 700» деген сандармен ауыстырылсын;

«ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген жолдағы «19 124 217» деген сандар «19 340 225» деген сандармен ауыстырылсын;

001 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» деген жолдағы «480 389» деген сандар «480 586» деген сандармен ауыстырылсын;

002 «Спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу» деген жолдағы «2 491 383» деген сандар «2 571 773» деген сандармен ауыстырылсын;

003 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және оқытындарға әлеуметтік қолдау көрсету» деген жолдағы «5 686 80» деген сандар «5 831 48» деген сандармен ауыстырылсын;

004 «Бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қолдау» деген жолдағы «4 342 22» деген сандар «4 380 93» деген сандармен ауыстырылсын;

005 «Жоғары жетістіктер спортын дамыту» бюджеттік бағдарламадағы деген жолдағы «14 616 185» деген сандар «14 733 267» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік даму бағдарламалары» деген жолдағы «25 349 356» деген сандар «25 437 475» деген сандармен ауыстырылсын;

012 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» деген жолдағы «15 987 062» деген сандар «16 075 181» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов